№ исх: 05-3-27/4-Д от: 15.02.2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 5 - кіреберіс
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел даң
Дом Министерств, 5 под
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

__________№____________________

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
В. Косаревке
Ж. Ахметбековке
Г. Баймахановаға
А. Қоңыровқа
М. Магеррамовқа
И. Смирноваға
Т. Сыздықовқа**

*2018 жылғы 7 қаңтардағы
№ ДЗ-2 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің санаторийлік-курорттық емдеуге қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы 2009 жылгы 18 қыркүйектегі Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 91-1) тармақшасына сәйкес санаторийлік-курорттық емдеу – адамдар санаторийлік-курорттық ұйымда уақытша болған жағдайларда жүргізілетін қалпына келтіру емінің және (немесе) медициналық оңалтудың түрі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша елімізде 151 қалпына келтіру емімен және медициналық оңалтумен айналысатын ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде қалпына келтіру емімен айналысатын 65 ұйым (43%), олардың ішінде 8 санаторий, 31 мамандандырылған санаторий, 1 профилакторий, 12 оңалту орталығы, 13 басқа ұйым мемлекеттік меншікте. Сондай-ақ, белгілі бір контингентке қызмет көрсететін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің,

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Білім және ғылым, Ішкі істер және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрліктерінің ведомстволық бағынысты ұйымдары мемлекеттік болып табылады.

«Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына сәйкес қазіргі таңда мемлекеттік меншіктегі объектілерді жекешелендіру Бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын Тізбеге сәйкес жүргізіледі. Облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.

Қалпына келтіру емімен айналысатын 86 (57%) ұйым жеке меншік, олардың 57-сі санаторий, 2-уі мамандандырылған санаторий, 11-і профилакторий, 4-уі оңалту орталығы, 12- басқа.

Қазақстан Республикасындағы облыстардың бөлінісінде санаторийлік-курорттық ұйымдардың ең көп саны Алматы облысында - 10,3% және Алматы қаласында - 9,4% орналасқан, бұл республикадағы жалпы санаторийлік-курорттық ұйымдардың 19,7% құрайды. Бұл мынадай факторлармен түсіндіріледі: облыстың табиғи бай аймағы, тау ландшафтары; осы облыстың имиджі және танымалдылығы; туристердің үлкен ағыны және т.б. Сондай-ақ, санаторийлік-курорттық ұйымдардың ең көп саны мына облыстарда орналасқан: Қарағанды - 16%; Оңтүстік Қазақстан - 14,2%; Шығыс Қазақстан - 9,4%; Ақмола - 6,6%. Санаторийлік-курорттық ұйымдардың ең аз саны (6) мына облыстарда орналасқан: Қостанай - 4,7%; Қызылорда - 3,8%; Павлодар - 2,8%; Батыс Қазақстан - 2,8.

2017 жылғы 1 қаңтарда санаторий төсектерінің саны 22355 бірлікті, оның ішінде балаларға арналған санаторий төсектерінің саны – 9255 бірлікті құрады. 2016 жылы емделгендердің саны - 281404, оның ішінде мемлекеттік санаторийлерде - 23,2 %, жеке меншік 76,8 % құрады.

Сонымен қатар Министрлік қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды дамытуға, денсаулықты асқынулардың бастапқы және қайталама профилактикасының және қалпына келтірудің маңызды құрамдасы ретінде үлкен көңіл бөліп отыр. Қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды көрсету қалпына келтіру емі және медициналық оңалту қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылы 27 ақпандағы № 98 бұйрығы) және медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 759 бұйрығы) жүзеге асырылады.

Медициналық оңалтудың негізгі мақсаты денсаулық пен жұмыс қабілетін қалпына келтіру, қоғамның өміріне қалыпты жағдайға интеграциялау және келесі қағидаттарды сақтау: ертерек бастау, кезеңділік, үздіксіздік, сабақтастық, қолжетімділік, жеке және мультидисциплиналық тәсіл.

15.02.2018 Копия электронного документа

Медициналық оңалту тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде үш негізгі бейін (неврология және нейрохирургия, кардиология және кардиохирургия, травматология және ортопедия) бойынша жүргізіледі, бұл барынша жиі ауыр асқынуларға және мүгедектікке алып келеді. Медициналық оңалту Қазақстан Республикасында оңалту орталықтарында, көп бейінді стационарлардағы, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту бөлімшелерінде және төсектерде, сондай-ақ амбулаториялық жағдайларда (емханалар мен ауруханалардың күндізгі стационарларында, үйдегі стационарларда, санаторийлерде) жүзеге асырылады.

Республикада медициналық оңалту және қалпына келтіру емі бойынша 13149 пациентке медициналық оңалту жүргізілген 1378 төсектік 13 дербес ұйым (8 балаға және 5 ересекке арналған) жұмыс істейді. Республика бойынша қалпына келтіру емі және медициналық оңалту бойынша барлығы 113 бөлімше, оның ішінде 32 балаға және 81 ересекке арналған бөлімше жұмыс істейді.

Мүгедектерге арналған жеке оңалту бағдарламаларын орындау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің медициналық-әлеуметтік сараптама органдарымен бірлесіп жүзеге асырылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу шеңберінде медициналық оңалтудың амбулаториялық кезеңін кеңейту, амбулаториялық-емханалардың бөлімшелерінде және санаторийлерде пациенттерге ұсынылатын емдік-диагностикалық және жекелеген оңалту қызметтерінің көлемін ұлғайту, қалпына келтіру емі мен оңалту қызметтеріне арналған тарифтерді қайта қарау бөлігінде қалпына келтіру емі мен медициналық оңалтуды жетілдіру жоспарлануда.

Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде қалпына келтіру емі және оңалту қызметтерін көрсетуге, соның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы өңірлерде оңалту орталықтарын және бөлімшелерін ашуга жеке ұйымдарды тарту бойынша Министрлік бірқатар іс-шараларды өткізуде. «2018 - 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес республикалық бюджет қаражатынан оңалту және қалпына келтіру емі бойынша қызметтерге 2018 жылға 3967 млн. теңге көзделген. Медициналық оңалтуды одан әрі жетілдіру жұмыстары Министрліктің тұрақты бақылауында.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету мен аурудың профилактикасы мақсатында «Өнеркәсіп объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген еңбек, тұрмыстық қызмет жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес өнеркәсіптердің барлық объектілерінде денсаулық сақтау пункттері көзделеді, олар дәрігерлердің, орта және кіші медицина

15.02.2018 Копия электронного документа.

персоналының штаттарымен толықтырылады, жабдықтармен, аспаптармен және таңу материалымен жарақтандырылады. Денсаулық сақтау пункттерінде алғашқы медициналық көмек көрсетіледі, профилактикалық қарап-тексеруден өтуге мониторинг, созылмалы аурулары бар науқастарды динамикалық бақылау, сауықтыру іс-шаралары жүргізіледі.

Санаторийлік-курорттық емдеуді одан әрі дамыту мақсатында Министрлік Мемлекет Басшысының «Үшінші жаңғырту: Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігі» деген Жолдауына сәйкес қазіргі уақытта негізгі бағыттарының бірі **медициналық туризмді дамыту және импортты алмастыру** болып табылатын денсаулық сақтау саласын жаңғырту жобасы жүзеге асырылуда.

Министрлік медициналық туризмді дамыту шеңберінде негізгі екі бағытты айқындады: емдеу-диагностикалық қызмет және санаторийлік-курорттық емдеу.

Соған байланысты ҮЕҰ-мен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы санаторийлік-курорттық қорының Ұлттық тізілімі қалыптастырылды және санаторийлік-курорттық ұйымдардың 5 негізгі кластері анықталды. Одан әрі санаторийлік-курорттық ұйымдардың кластерлерін позициялауды дайындау бойынша іс-шаралары және туризмнің жаһандық нарығындағы сауықтыру қызметтерін алға қарай жылжыту жоспарланған.

Қазақстан Дүниежүзілік сауықтыру емі федерациясының және Дүниежүзілік медициналық туризм қауымдастығының құрамына енгізілгенін айта кеткен жөн.

ҚР-да медициналық туризмді дамыту шеңберінде аккредиттеу жүйесін, емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсетудің халықаралық стандарттарын енгізу көзделген, бұл республика азаматтары үшін санаторийлік-курорттық емдеудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сауығуға келетін шетелдік азаматтардың есебінен ұйымдардың табысының көлемін арттыруға, бәсекелестікті дамытуға және салага жеке инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

**Министрдің міндетін атқарушы** **Л. Актаева**

15.02.2018 Копия электронного документа.

№ исх: 05-3-27/4-Д от: 15.02.2018

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
**Косареву В.**
**Ахметбекову Ж.**
**Баймахановой Г.**
**Конурову А.**
**Магеррамову М.**
**Смирнову И.**
**Сыздыкову Т.**

На №ДЗ-2
от 17.01.2018 года

**Уважаемые депутаты!**

Министерство здравоохранения Республики Казахстан(далее – Министерство), рассмотрев Ваш запрос касательно санаторно-курортного лечения, сообщает следующее.

Согласно пп. 91-1) п.1 статьи 1 КодексаРеспублики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» санаторно-курортное лечение – вид восстановительного лечения и (или) медицинской реабилитации, проводимых в условиях временного пребывания лиц в санаторно-курортной организации(далее – Кодекс).

В настоящее время по данным Комитета статистики Министерства национальной экономики Республики Казахстан в стране функционирует 151организация восстановительного лечения и медицинской реабилитации. Из них в государственной собственности находятся 65 организаций восстановительного лечения (43%), в их числе 8 санаториев, 31 специализированных санатория, 1 профилакторий, 12 реабилитационных центров, 13 других организаций. Также государственными являются санаторно-курортные организации, подведомственные Управлению делами

15.02.2018 Копия электронного документа

Президента Республики Казахстан, Комитету национальной безопасности Республики Казахстан, министерству здравоохранения, образования и науки, внутренних дел и обороны Республики Казахстан, которые обслуживают определенный контингент.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2015 года № 1141 «О некоторых вопросах приватизации на 2016 - 2020 годы» в настоящее время проводится приватизация объектов государственной собственности согласно Перечня, предлагаемых к передаче в конкурентную среду. Решение о приватизации областного коммунального имущества принимают местные исполнительные органы областей, городов республиканского значения, столицы.

В частной собственности находятся 86 организаций восстановительного лечения (57%), из них санаториев - 57, специализированных санаториев- 2, профилакториев - 11, реабилитационных центров - 4, других-12.

В разрезе областей в Республике Казахстан наибольшее число санаторно-курортных организаций расположено в Алматинской области - 10,3% и г. Алматы - 9,4%, что в общем составляет 19,7% всех санаторно-курортных организаций республики. Это обусловлено следующими факторами: богатыми природными зонами области, горным ландшафтом; высоким имиджем данной области и узнаваемостью; большим потоком туристов и т.д. Количество санаторно-курортных организаций в разрезе регионов: Карагандинская - 16%; Южно-Казахстанская - 14,2%; Восточно-Казахстанская - 9,4%; Акмолинская - 6,6%. Костанайская - 4,7%; Кызылординская - 3,8%; Павлодарская - 2,8%; Западно-Казахстанская - 2,8.

Число санаторных коек на 1 января 2017 года - 22355 единиц, в том числе детских - – 9255 единиц. Число пролеченных за 2016 год составило - 281404, из них23,2% в государственныхсанаториях и 76,8% в частных.

Вместе с тем, Министерством большое внимание уделяется развитию восстановительного лечения и реабилитации, как важной составляющей первичной и вторичной профилактики осложнений и восстановления здоровья. Оказание восстановительного лечения и медицинской реабилитации осуществляется в соответствии с Правилами восстановительного лечения и медицинской реабилитации (приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 27 февраля 2015 года № 98) и стандартом организации оказания медицинской реабилитации (приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 декабря 2013 года № 759).

Основной целью медицинской реабилитации является восстановление здоровьяи трудоспособности, интеграция в обычные условия жизни общества. Принципами медицинской реабилитации являются: раннее начало, этапность, непрерывность, преемственность,доступность, индивидуальный и мультидисциплинарный подход.

15.02.2018 Копия электронного документа

Медицинская реабилитация в рамках гарантированного объема медицинской помощи проводится по трем основным профилям (неврология и нейрохирургия, кардиология и кардиохирургия, травматология и ортопедия), которые наиболее часто приводят к тяжелым осложнениям и инвалидизации. Медицинская реабилитация в Республике Казахстан осуществляется в реабилитационных центрах, отделениях и на койках восстановительного лечения и медицинской реабилитации многопрофильных стационаров, а также в амбулаторных условиях(в дневных стационарах поликлиник и больниц, стационарах на дому, в санаториях).

В республике функционирует 13 самостоятельных организаций восстановительного лечения и медицинской реабилитации (*8 детских и 5 - взрослых)* на 1378 коек, на которых проведена медицинская реабилитация 13149 пациентам. Отделений восстановительного лечения и медицинской реабилитации по Республике всего 113, из них 32 –детских, 81 – для взрослых.

Выполнение индивидуальных программ реабилитации для лиц, имеющих инвалидность, проводится совместно с органами медико-социальной экспертизы Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан.

В рамках внедрения системы обязательного социального медицинского страхования планируется совершенствование восстановительного лечения и медицинской реабилитации, в части расширения амбулаторного этапа медицинской реабилитации, увеличения объема лечебно-диагностических и отдельных реабилитационных услуг, предоставляемых пациентам в амбулаторно-поликлинических отделениях и санаториях, пересмотра тарифов на услуги реабилитации и восстановительного лечения.

Министерством проводятся ряд мероприятий по привлечению частных организаций к оказанию услуг восстановительного лечения и реабилитации в рамках гарантированного объема медицинской помощи, открытию реабилитационных центров и отделений в регионах, в том числе через государственно – частное партнерство. Согласно Закону РК “О республиканском бюджете на 2018-2020 годы» из средств республиканского бюджета на услуги восстановительного лечения и медицинской реабилитации на 2018 год предусмотрено 3967 млн. тенге. Работа по дальнейшему совершенствованию медицинской реабилитации находится на постоянном контроле Министерства.

В целях оказания первичной медицинской помощи и профилактики болезней, согласно санитарно-эпидемиологическим требованиям к условиям труда, бытового обслуживания, утвержденнымприказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20 марта 2015 года № 236 «Об утверждении Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам промышленности», на всех объектах промышленности предусматриваются здравпункты, которые

15.02.2018 Копия электронного документа.

укомплектовываются штатами врачей, среднего и младшего медперсонала, оснащаются оборудованием, инструментарием и перевязочным материалом. В здравпунктах оказывается первая медицинская помощь, проводится мониторинг прохождения профосмотра, динамическое наблюдение за хроническими больными, оздоровительные мероприятия.

С целью дальнейшего развития санаторно-курортного лечения в соответствии с Посланием Главы Государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Министерством в настоящее время реализуется проект по модернизации отрасли здравоохранения, одним из направлений которого является **развитие медицинского туризма и импортозамещения.**

Министерством в рамках развития медицинского туризма определены два основных направления: лечебно-диагностические услуги и санаторно-курортное лечение.

В этой связи совместно с НПО сформирован Национальный реестр санаторно-курортного фонда Республики Казахстан и определены 5 основных кластеров санаторно-курортных организаций. В дальнейшем планируются мероприятия по выработке позиционирования кластеров санаторно-курортных организаций и продвижения оздоровительных услуг в глобальном рынке туризма.

Следует отметить, что Казахстан включен в состав Всемирной федерации по оздоровительному лечению и Всемирной ассоциации по медицинскому туризму.

В рамках развития медицинского туризма в РК предусматривается внедрение системы аккредитации, международных стандартов оказания лечебно-оздоровительных услуг, что позволит обеспечить доступность санаторно-курортного лечения для граждан республики, повысить объем доходов организаций за счет иностранных граждан, приезжающих на оздоровление, развить конкуренцию и привлечь частные инвестиции в отрасль.

**Исполняющий обязанности министра Л.Актаева**

15.02.2018 Копия электронного документа.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

№2018 жылғы 12 ақпан

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 24-і

город Астана

**Іссапарға жіберу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссияның алқа отырысының жұмысына қатысу үшін 2018 жылғы 15 ақпаннан бастап 16 ақпанды қоса алғанда Мәскеу қаласына (Ресей Федерациясы) іссапарға барамын.

2. Іссапар кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқару Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Мейрашқызы Ақтаеваға жүктелсін.

3. Қаржыландыру: 005 «Шетел іссапарлары» бағдарламасы бойынша 2018 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.А. Біртановтың келісімі.

**Министрдің**
**міндетін атқарушы** **А. Цой**

0008294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

№ 12 февраля 2018 г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 24-і

город Астана

**О командировании**

**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Для участия в работе заседания коллегии Евразийской экономической комиссии убываю в город Москву (Российская Федерация) с 15 по 16 февраля 2018 года.

2. На период моей командировки исполнение обязанностей Министра здравоохранения Республики Казахстан возложить на Актаеву Лязат Мейрашевну – вице-министра здравоохранения Республики Казахстан.

3. Финансирование: за счет средств, предусмотренных в республиканском бюджете на 2018 год по программе 005 «Заграничные командировки».

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Основание: служебная записка Министра здравоохранения Республики Казахстан Биртанова Е.А.

**Исполняющий обязанности Министра** **А. Цой**

0008295